

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акциянерлері жалпы жиналысының
2025 жылғы 17 наурыздағы шешіміне
қосымша
(№1/2025 хаттама)

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акциянерлері жалпы жиналысының
2025 жылғы 17 наурыздағы шешімімен
енгізілді
(№1/2025 хаттама)

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының
Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. 3-баптың 2-тармағында:

1) 4) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының аумағында және/немесе одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының және/немесе басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы және/немесе көліктің өзге де түрлері бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет);»;

2) 17) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«17) Қоғамның магистральдық құбырлары объектілері орналасқан географиялық шекараларда қызметтік үй-жайларды мүліктік жалдау (жалға алу) қызметтерін көрсету;»;

3) келесі мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

«27) Қоғамның өндірістік объектілерінде пайда болған қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын көтерме сату.».

2. 11-бапта:

1) 3-тармақта:

9) -10 -1) тармақшалар келесі редакцияда жазылсын:

«9) Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақылары мөлшерін және оларға еңбекақы, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, оларды материалдық жауаптылыққа тарту, оларға (олардан) тәртіптік жаза қолдану (алу) туралы шешімдер қабылдау;

10) Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің құзыретін, жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақылары мөлшерлерін және оларға еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, Ішкі аудит қызметі басшысы мен мүшелерінің қызметін бағалау, оларды материалдық жауаптылыққа тарту, оларға (олардан) тәртіптік жаза қолдану (алып тастау) туралы шешімдер қабылдау;

10-1) комплаенс-бақылау қызметінің сан құрамын айқындау, оның басшысын және өзге де жұмыскерлерін тағайындау, комплаенс-бақылау қызметінің басшысымен және өзге де жұмыскерлерімен еңбек шарттарын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-бақылау қызметінің жұмыс тәртібін, комплаенс-бақылау қызметі жұмыскерлеріне лауазымдық айлықақылары мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, комплаенс-бақылау қызметі басшысының және өзге де жұмыскерлерінің қызметін бағалау, оларды материалдық жауапкершілікке тарту, оларға (олардан) тәртіптік жаза қолдану (алып тастау) туралы шешімдер қабылдау;»;

13) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ лауазымдық айлықақысы мөлшерін, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, оны материалдық жауаптылыққа тарту, оған (одан) тәртіптік жаза қолдану (алып тастау) туралы шешімдер қабылдау;

14) корпоративтік хатшы қызметін құру және тарату, оның штат санын бекіту, оның жұмыскерлерін тағайындау, олармен еңбек шарттарын тоқтату, корпоративтік хатшы қызметі туралы ережені, Қоғамның бизнес-жоспарының құрамында осы қызметтің бюджетін бекіту, корпоративтік хатшы қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысы мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау, оларды материалдық жауапкершілікке тарту, оларға (олардан) тәртіптік жаза қолдану (алып тастау) туралы шешімдер қабылдау;»;

32) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«32) омбудсменді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ лауазымдық айлықақысы мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, омбудсменнің қызметін бағалау, оны материалдық жауаптылыққа тарту, оған (одан) тәртіптік жаза қолдану (алып тастау) туралы шешімдер қабылдау;»;

34) тармақша алып тасталсын;

2) 12-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«1) соңғы үш жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының жұмыскері емес және болмаған;».

3. 12-баптың 2-тармағында:

1) 9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Жарғының 9-бабының 36-тармағында, 10-бабының 1-тармағының 10), 14), 20), 21) тармақшаларында, 11-бабының 3-тармағының 2) - 2-1), 8) - 14-2), 23), 28) - 30), 32), 36) - 39), 39 - 2) тармақшаларында, 12-бабының 3-тармағының үшінші және алтыншы абзацтарында, 13-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылатын мәселелерді алдын ала қарайды;»;

2) келесі мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

«17-1) Қоғамның стейкхолдерлер картасын бекіту;».

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



А. Қасенов

Екі мың жиырма бесінші жылдың он сегізінші наурызы. Мен, Ауданбаева Анар Тумашовна Астана қаласының нотариусы Ауданбаева Анар Тумашовна, Қазақстан Республикасының Әділет министірлігі берген 2008 жылғы 12 желтоқсанындағы № 0002257 лицензия негізінде әрекет етуші «ҚазТрансОйл» Акционерлік қоғамы атынан оның тұлғасы Бас директоры (Басқарма төрағасы) Курманбаев Талгат Насимуллаевичтің менің көзімше қойған қолының түпнұсқасын растаймын. Тұлғаның жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі және өкілеттілігі анықталды, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» Акционерлік қоғамының құқыққа ие болушылығы тексерілді.

Астана қаласы, Тұран даңғылы, 20, 12 сағат 00 минут мекенжайы бойынша куәландырылды.



Тізілімде № 1584 тіркелді.
Өндіріп алынды: мемлекеттік баж + тех қызмет
Нотариус _____



ES0901189550000233875K2740659

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Протшнуровано, пронумеровано
4/септсррраниц
НОТАРИУС

